

БҰЙРЫҚ
23.04.2024
Алматы қаласы

ПРИКАЗ
№05-04/263
город Алматы

Ережені бекіту туралы

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2024 жылдың 5 сәуірдегі Ғылыми кеңесінің шешіміне (хаттама №7) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының профессор-оқытушылар құрамының 2024/2025 оқу жылына арналған жүктеме нормалары туралы Ережесі осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М. Нарбековаға жүктелсін.

3. Осы бұйрық оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Басқарма Төрағасы-Ректор

Б. Тілеп



Лист согласования

ФИО, подразделение, должность	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Данные по ЭЦП
Желдыбаева А.Ж. - Начальник управления - Управление юридической работы и организации закупок	Согласовано	22.04.2024 15:35	ЖЕЛДЫБАЕВА А.Ж.
Баймолдаев Н.Т. - Заместитель начальника управления - Управление экономического планирования и анализа	Согласовано	22.04.2024 15:26	БАЙМОЛДАЕВ Н.Т.
Жайлаубаева О.А. - Руководитель отдела - Управление кадровой политики	Согласовано	23.04.2024 11:03	ЖАЙЛАУБАЕВА О.А.
Жанбеков Х.Н. - Директор департамента - Департамент по академическим вопросам	Согласовано	22.04.2024 15:09	ЖАНБЕКОВ Х.Н.
Аменова К.А. - Проректор по финансам и развитию инфраструктуры - Председатель Правления - Ректор	Согласовано	23.04.2024 11:41	АМЕНОВА К.А.
Нарбекова Б.М. - Проректор по академической деятельности - Председатель Правления - Ректор	Согласовано	22.04.2024 15:01	НАРБЕКОВА Б.М.
Тілеп Б.А. - Председатель Правления-ректор - Председатель Правления - Ректор	Подписано	23.04.2024 12:31	ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), ТІЛЕП БОЛАТ, Некоммерческое акционерное общество "Казахский национальный педагогический университет имени Абая"



Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), ТІЛЕП БОЛАТ,
Некоммерческое акционерное общество "Казахский национальный педагогический
университет имени Абая", BIN031240004969

**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**



«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының
Басқарма Төрағасы-Ректордың
2024 жылғы 23 сәуірдегі №05-04/263
бұйрығымен бекітілген

**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының профессор-оқытушылар
құрамының 2024/2025 оқу жылына арналған жүктеме нормалары
туралы ЕРЕЖЕСІ**

Көшірме	Құрастырған	Келісілген
	Байдильдина А.М.	Нарбекова Б.М.
	Балахметова Г.К.	Аменова К.А.
	Жумабаева А.Е.	Жанбеков Х.Н.
	Жалмагамбетов Е.А.	Желдибаева А.Ж.
	Канабекова М.А.	Баймолдаев Н.Т.
	Рабилова З.Ж.	Жайлаубаева О.А.
	Хамраев Ш.И.	

Алматы, 2024

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының Басқарма Төрағасы-
Ректордың 2024 жылғы 23 сәуірдегі
№05-04/263 бұйрығына қосымша 1

**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының профессор-оқытушылар
құрамының 2024/2025 оқу жылына арналған жүктеме нормалары
туралы ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі-Қоғам) профессор-оқытушылар құрамының 2024/2025 оқу жылына арналған оқу жүктемесінің нормаларын (бұдан әрі – Ереже) айқындайды.

2. Ереже Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 43-1 бабы 2-тармағының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» бұйрығының 20 тармағы негізінде әзірленді.

3. Қоғамның профессор-оқытушылар құрамының (бұдан әрі – ПОҚ) оқу жүктемесінің нормалары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 «Кредиттік технология бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережелері» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 «Қашықтан оқыту және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидалары мен қашықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптар» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы №4 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» бұйрығына және Академиялық саясатқа сәйкес айқындалған.

4. Ереже «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2024 жылдың 5 сәуірдегі Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген, хаттама №7.

2. Профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау және есепке алу

5. Штаттық бірліктегі оқытушының педагогикалық жүктемесінің көлемі атқаратын лауазымына, ғылыми дәрежесіне және ғылыми атағына қарамастан 36 сағаттық жұмыс аптасы негізінде есептеледі. Бұл ретте қызметтің барлық түрлері (оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми, тәрбиелік және т.б.) әрбір оқытушы үшін міндетті болып табылады.

6. Профессор-оқытушылар құрамының оқу жүктемесі деп оқу жылы ішінде орындайтын оқу жұмысының көлемі түсініледі.

7. Қоғамда оқу жұмысының келесі түрлері белгіленеді:

1) аудиториялық сабақтар:

а) дәріс оқу;

ә) семинар, практикалық, студиялық сабақтар, Зертханалық жұмыстар өткізу;

2) аудиториядан тыс сабақтар:

а) оқытушының жетекшілігімен білім алушылардың өзіндік жұмысы;

3) басқа түрлері:

а) кәсіптік практикаға жетекшілік жасау (оқу, оқу-таныстыру, педагогикалық, археологиялық, далалық, өндірістік, диплом алдындағы және т.б.);

ә) дипломдық жұмысқа/жобаға жетекшілік;

б) магистрлік диссертацияға жетекшілік;

в) докторлық диссертацияға жетекшілік;

г) аттестаттау комиссиясының жұмысына қатысу;

ғ) қосымша оқу жүктемесі.

8. ПОҚ оқу жүктемесін жоспарлау академиялық сағаттармен жүзеге асырылады, бұл оқытушының білім алушымен сабақ кестесі бойынша аудиториялық (аудиториядан тыс) оқу сабақтарында немесе оқу жұмысының басқа түрлері үшін жеке бекітілген кесте бойынша жұмыс уақытын білдіреді.

Бұл ретте оқу жұмысының барлық түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.

9. Аудиториялық жұмыс көлемі білім беру бағдарламаларының әрбір пәнінің көлемінің кемінде 30%-ын құрайды.

Қоғамның профессор-оқытушылар құрамының жалпы оқу жүктемесі студенттердің жеке оқу жоспарлары негізінде анықталады.

10. Аудиториялық сабақтар әрбір оқытушының жалпы жылдық оқу жүктемесінің кемінде 50% құрайды.

11. Дәрістер өткізу келесідей оқытушыларға жоспарланады:

- ғылым докторы немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі

және/немесе ғылыми атағы (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) бар оқытушыларға;

- және (немесе) тиісті ғылым магистрі дәрежесі бар, оқытушы лауазымында кемінде үш жыл немесе бейіні бойынша кемінде бес жыл практикалық жұмыс өтілі бар оқытушыларға;

- және (немесе) оқытушы лауазымында кемінде үш жыл немесе бейіні бойынша кемінде бес жыл практикалық жұмыс өтілі бар аға оқытушыларға.

12. Дәріс оқуға және оқу сабақтарының басқа да түрлерін өткізуге кадрларды даярлау бағытының бейініне сәйкес келетін экономика саласында практикалық жұмыс тәжірибесі бар ғылыми қызметкерлер, еңбек сіңірген мәдениет, өнер, спорт қайраткерлері, шығармашылық одақтардың мүшелері немесе тәжірибелі мамандар тартылады.

Бұл ретте, негізгі жұмыс орны бойынша оқытылатын пәндер бейіні бойынша практикалық кәсіптік қызметпен айналысатын, кадрлар даярлау бағыты бойынша соңғы 10 жылда кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар тұлғалар қатарынан сыртқы қосқызметтілік атқарушы ретінде тартылатын базалық және бейіндеуші пәндер оқытушыларының үлесі біліктілік талаптарға сәйкес айқындалады.

13. Оқытушылардың білімі және/немесе олардың ғылым докторы немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі және/немесе ғылыми атақтары (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) оқытылатын пәндер бейініне сәйкес келуі тиіс.

Сондай-ақ, оқытушылар негізгі қызметтен қол үзіп және оқу курсына кемінде 72 сағат көлемімен кемінде үш жылда бір рет біліктілігін арттырудан өтуі тиіс.

14. Оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу білім беру бағдарламасының бейінін, тіл бөлімін және олардың нысаналы рентабельділігі шеңберінде оқыту нысанын ескере отырып, пәндерді таңдауды жүзеге асырған білім алушылар қатарынан қалыптастырылған академиялық топтар (семинар, практикалық, зертханалық, студиялық сабақтар) және ағындар/потоктар (дәрістер) бөлінісінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте ЖББП, БП, ОҚТ циклдері бойынша дәріс ағындары аудиториялардың сыйымдылығына қарай кемінде 70-100 білім алушыны құрауы тиіс (ерекше жағдайларда – 50). Тілдер бойынша практикалық сабақтар (қазақ, орыс, шет тілдері) топтар бойынша өткізіледі. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәні бойынша практикалық сабақтар, студиялық және зертханалық сабақтар, хореография және музыка бойынша сабақтар кіші топтарда (топша) өткізіледі. Қоғамның академиялық тобының толымдылығы кемінде 20-25 адамды, ал кіші топтың (топша) толымдылығы кемінде 10-12 адамды құрайды. Көркемдік, музыкалық ББ-ның жекелеген пәндері бойынша студиялық сабақтарға кіші топтардың толымдылығы кемінде 7-8 адам болуы тиіс.

15. Кәсіптік практикаларға жетекшілікті осы жұмыс түрлеріне сәйкес жоғары және(немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар оқытушылар, практика мамандары жүзеге асырады.

16. Студенттердің дипломдық жұмыстарына (жобаларына) басшылықты жүзеге асырады:

- ғылым докторы және/немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі және/немесе PhD докторы және/немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі немесе жоғары кәсіптік білімі және мамандығы бойынша практикалық тәжірибесі не басқарушылық жұмыс тәжірибесі бар тиісті бейіндегі оқытушылар;

- және(немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі немесе жоғары кәсіптік білімі және мамандығы бойынша практикалық тәжірибесі не басқарушылық жұмыс тәжірибесі бар тиісті бейіндегі оқытушылар;

- және(немесе) негізгі жұмыс орны бойынша кемінде 10 жыл жұмыс өтілі бар дайындық бейіні бойынша практикалық кәсіби қызметпен айналысатын мамандар.

17. Магистрлік диссертацияға жетекшілікті келесідей оқытушылар жүзеге асырады:

- білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін ғылым кандидаты/ғылым докторы және(немесе) философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесі бар оқытушылар;

- ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі үш жылдан кем емес;

- ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдардың тізбесіне енгізілген басылымдарда соңғы бес жыл ішінде 5 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын, сұратылып отырған бағыттың бейініне сәйкес келетін "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" JCR деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index expanded, social science citation index немесе Arts and Humanities Citation Index Web of Science Core Collection немесе citescore бойынша процентиль көрсеткіші базаларының бірінде индекстелетін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдағы 1 ғылыми мақала немесе Scopus дерекқорында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын мамандар жүзеге асырады.

«Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар» кадрларын даярлауды бағыты үшін магистрлік диссертацияның жетекшісі ретінде соңғы 10 жылда 5 жыл практикалық жұмыс өтілі бар мамандар да тартылуы мүмкін.

18. Докторанттарға ғылыми жетекшілік етуді келесідей оқытушылар жүзеге асырады:

- «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)»;

- ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген бейіні бойынша басылымдарда 5 ғылыми мақала және JCR деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index expanded (Sains Citaishn Экспех expanded), Social Science Citation Index (Soshial Sains Citaishn) базаларының бірінде индекстелетін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 ғылыми мақала жарияланған немесе Citescore (Сайтскор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын Web of Science Core Collection (Сайнс Кор collection веб-сайты), Arts and Humanities Citation Index (Arts and Humanitis Citachne индексі);

8D05 «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», 8D06 «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» кадрларын даярлау бағыттары бойынша - WEB of Science Core Collection (Сайнс Кор collection веб-сайты) JCR деректері бойынша 1, 2, 3 квартильге кіретін немесе көрсеткіші бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 мақала citescore бойынша процентиль (СайтСкор) кемінде 35 немесе Хирш индексі 2 немесе одан көп болуы тиіс.

19. Барлық ПОҚ орындалатын оқу жұмыстарына (силлабустар, емтихан материалдарын дайындау, біліктілікті арттыру және т.б.) сәйкес оқу-әдістемелік және (немесе) оқу-ұйымдастыру жұмыстарының орындалуын жоспарлауы және қамтамасыз етуі тиіс.

20. Қосымша оқу жүктемесіне алқалы академиялық органдардың жұмысына қатысу, кафедраны басқару, мектеппен жұмыс (мектептерге ғылыми, әдістемелік, консультациялық көмек, кафедра филиалдарында іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, кәсіптік бағдар беру жұмысы, сондай-ақ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және орта білім беру ұйымдарының базасында ғылыми зерттеулер жүргізу) кіреді. Қосымша оқу жүктемесі бойынша төлем жүргізілмейді.

21. Оқу жұмысының түрлері бойынша уақыт нормалары осы Ереженің 1-ші қосымшасымен айқындалған.

22. ПОҚ-тың педагогикалық жүктемесі кафедра меңгерушісінің келісімі бойынша тиісті факультеттің деканы (институт директоры) бекітетін және оқу жылына оқытушының лауазымдық міндеттерін нақтылау нысаны болып табылатын әрбір оқытушының жеке жоспарында көрсетіледі.

23. Оқытушыны «Болашақ» халықаралық стипендиясы шеңберінде шетелге оқуға, тағылымдамаға жіберген жағдайда, оқу жылы кезінде педагогикалық жүктеме басқа оқытушылар арасында бөлінуі мүмкін. Бұл ретте, оқытушының оқу жүктемесі білім алушылардың жеке оқу жоспарлары, оқу сабақтарының кестелері негізінде айқындалатынын ескере отырып, оқытушының оқу жүктемесі (бірлік) еңбек шартына қосымша келісім жасасу жолымен өзгертілуі мүмкін.

24. Оқу жылының басында оқытушыға бөлінетін оқу жүктемесі бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша демалыстан шыққаннан кейін Еңбек шартына қосымша келісім жасасу арқылы өзгертілуі мүмкін.

25. Қосқызметтілік атқаратын оқытушылар оқу жүктемесін бөлу кезінде Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына (жұмыс

орны, лауазымы, ставкасы, еңбек жағдайлары) сәйкес негізгі жұмыс орны бойынша атқаратын оқу жүктемесін ескеруі қажет.

3. Оқу жүктемесінің түрлері бойынша уақыт нормалары

1) Оқу жүктемесінің түрлері бойынша академиялық сағаттарды бөлу нормативтері:

Кредит	Жалпы сағат саны	Аудиториялық сағат	Дәріс	Сем/практик.	Зертхана	БООЖ
2	60	22	15	7		
3	90	30	15	15		
			15	-	15	
4	120	45	15	30		
			15	-	30	
5	150	45	15	30		
5*	150	60	15	15	30	
			30	-	30	
6	180	60	30	30		
			30	-	30	
7	210	75	45	30		7
			30	-	45	
8	240	75	45	30		7
			30	-	45	
9	270	90	45	45		7
			45	-	45	
10	300	90	45	45	-	7
			45	-	45	
- шет тілінде оқытылатын бейіндік пәндер үшін 1,5 коэффициенті қолданылады.						
*- химия, биология және физика білім беру бағдарламалары үшін						
- Дүниежүзілік банк жобасы шеңберінде әзірленген білім беру бағдарламалары бойынша пәндерді оқыту үшін (ЖББ циклынан басқа) 1,5 коэффициенті қолданылады.						

2) «Дене шынықтыру» пәні бойынша сағаттарды бір семестрге бөлу:

Кредит	Сағат саны	Аудиториялық сағат			СОӨЖ	СӨЖ
		барлығы	дәріс	Практикалық сабақтар		
2	60	30	-	30	-	30

«Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына сәйкес Қоғамда Дене шынықтыру пәні оқу және сабақтан тыс уақытта жүзеге асырылады.

Дене шынықтыру пәні бірінші және екінші курс білім алушылары үшін аптасына кемінде төрт сағат, оның ішінде оқу уақытында аптасына екі сағат өткізіледі.

3) Практика түрлері бойынша академиялық сағаттарды бөлу нормативтері:

№	Жұмыс түрлері	Жүктемені есептеу үшін академиялық сағат нормалары	Ескерту
1	2	3	4
БАКАЛАВРИАТ			
Практикаға жетекшілік:			
1.	Оқу (оқу-таныстыру, психологиялық-педагогикалық, далалық, пленэрлік, археологиялық, тілдік және т.б.)	15 сағат бір топшаға	1-2 курс студенттері үшін: практиканың барлық түрлерінің жүктемесін есептеу кезінде негізгі оқу бірлігі топша болып табылады, топша 10-12 білім алушыдан тұрады
2.	Педагогикалық практика, оның ішінде:	43 сағат бір топшаға, оның ішінде:	Педагогикалық бағыттағы 3-4 курс студенттері үшін: топша 10-12 білім алушыдан тұрады
	- пән жетекшісіне	30 сағат бір топшаға	
	- педагогика кафедрасының оқытушысына	8 сағат бір топшаға	
	- психология кафедрасының оқытушысына	5 сағат бір топшаға	
3.	Өндірістік практика (педагогикалық емес бағыттар бойынша)	6 сағат бір топшаға	топша 10-12 білім алушыдан тұрады
4.	Диплом алды практика	6 сағат бір топшаға	«Өнер» бағыты бойынша жоспарланады
МАГИСТРАТУРА			
5.	Педагогикалық практика	6 сағат 1 магистрантқа	
6.	Ғылыми-зерттеу практикасы	6 сағат 1 магистрантқа	
7.	Өндірістік практика	6 сағат 1 магистрантқа	
PhD ДОКТОРАНТУРА			
8.	Педагогикалық практика	6 сағат 1 докторантқа	
9.	Зерттеу практикасы	6 сағат 1 докторантқа	

4) Дипломдық жұмыстарға/жобаларға, магистрлік және докторлық диссертацияларға жетекшілік жөніндегі нормативтер:

№	Жұмыс түрлері	Жүктемені есептеу үшін академиялық сағат нормалары	Ескерту
1	2	3	4
1.	Дипломдық жұмысқа (жобаға) жетекшілік ету	30 сағат	Дипломдық жұмысты GPA 3,33 және одан жоғары студенттер жазады. Бір оқытушыға 5 дипломдық жұмыстан (жоба) артық емес. Әрбір жобаға кемінде 3 білім алушы қатысады
2.	Магистрлік диссертацияға жетекшілік ету	20 сағат 1 магистрантқа (1 курс бойынша) 30 сағат 1 магистрантқа (2 курс бойынша) 30 сағат 1 магистрантқа бейіндік бағыт бойынша	
3.	Докторлық диссертацияға жетекшілік ету	45 сағат 1 докторантқа	2-3 курс докторанттарына ғылыми жетекшілік ету оқу жүктемесіне кіреді. 1 курс докторанттарына ғылыми жетекшілік оқу жылының соңында кафедрада докторанттың есебі бекітілгеннен кейін сағаттық негізде төленеді (1 докторантқа 45 сағат есебінен).

5) Қорытынды аттестаттау бойынша нормативтер:

№	Жұмыс түрлері	Жүктемені есептеу үшін академиялық сағат нормалары	Ескерту
1	2	3	4
1.	Дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны қорғау бойынша аттестаттау комиссиясының мүшелеріне	0,5 сағат 1 дипломдық жұмысқа (жобаға)/ магистерлік диссертацияға	Комиссия құрамы 5 адамнан аспауы тиіс, оның ішінде комиссия төрағасы болады
2.	«Қазақстан тарихы» пәні бойынша МЕК-ның, қорытынды аттестаттаудың өзге нысанын (кешенді емтихан және т.б.) өткізу кезінде аттестаттау комиссиясының мүшелеріне	0,5 сағат 1 білім алушыға	

3.	Қорытынды аттестаттау комиссиясының техникалық хатшысына	1 сағат 1 білім алушыға	
----	--	-------------------------	--

6) Қосымша педагогикалық жүктеме:

№	Жұмыс түрлері	Жүктемені есептеу үшін академиялық сағат нормалары	Ескерту
1	2	3	4
1.	Кафедраға жетекшілік	100% кафедра жетекшілігі	
2.	Институттың (факультет) оқу-әдістемелік бюро төрағасына	90 сағат	Әр семестр оқытушылардың осы кестенің 5-жолында көзделген мектеппен жұмысты орындауына талдау жасайды
3.	РОӘС ОӘБ білім беру бағыттары бойынша жобалау тобының жетекшісі	30 сағат	
4.	Ғылыми журналдың техникалық хатшысы	60 сағат	
5.	Мектеппен байланыс (арнайы жобалар*)	30 сағат (30-60 сағат*)	Оқытушы ай сайын кафедра меңгерушісіне атқарылған жұмыс туралы есеп тапсырады. Жауапкершілік кафедра меңгерушісіне жүктеледі
6.	Дүниежүзілік банктің жобасы бойынша силлабустарды әзірлеу	60 сағат	

* университет басшылығының тапсырмасы бойынша

7) Сағаттық төлемге шығарылады

Жұмыс түрлері	Жүктемені есептеу үшін академиялық сағат нормалары
Жазбаша, ауызша, шығармашылық емтихандарды қабылдау,	0,15 академиялық сағат білім алушының 1 жұмысына
Сыртқы ұйымдардан шақырылатын Қорытынды аттестаттау және «Қазақстан тарихы» пәні бойынша МЕК-ның төрағаларына (жұмыс берушілер) төлемақы төлеу	1 күнге 6 сағаттан аспауы тиіс
Мектеп тарапынан педагогикалық практика жетекшілеріне төлемақы төлеу	Келісімшарт негізінде

2024/2025 оқу жылына профессор-оқытушылар құрамының жылдық оқу жүктемесі 550-560 академиялық сағатты құрайды.